

**«Қош келдің, әз Наурыз!»**



**Өткізген: Утебаева Ж.С**

**«Тоғанас ауылының негізгі мектебі» КММ**

**2025 – 2026 қу жылы**

## «Қош келдің, әт Наурыз!»

**Мақсаты:** «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру.

Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Әуен ойналып тұрады.

**1 - жүргізуші:** Армысыздар, құрметті қонақтар! Бүгін біз Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мейрамын тойлағалы отырмыз. Наурыз — бұл тек көктемнің ғана емес, ең әуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген өкпе-ренештерін ұмытып, кешірімге келіп татуласып, табысқан.

Кең болсын қазағымның керегесі,  
Кетпесін Алла берген берекесі,  
Алаштың баласына нәсіп болған,  
Құтты болсын НАУРЫЗ мерекесі!

**2-жүргізуші:** Уа, халайық, халайық!  
Мұнда назар салайық,  
Мерекесі халықтың наурыз тойын бастайық.  
Құтты болсын мереке, болсын думан береке!

**1 - жүргізуші:** Олай болса, мерекелік құттықтау сөз кезегі мектебіміздің директоры Бокишев Т.Қ. беріледі.

**2 жүргізуші:** Қашанда Құт - береке орнасын деп,  
Тойларда шашу шашу – салты елімнің.

Уа, халайық, теріп ал мәмпәсиді,  
Қабыл қылсын халқымның ақ тілеуін.  
Шашу, шашу көп шашайық шашуды  
Жауғандай көк аспаннан нөсер жаңбыр.

Уа, жамағат жинап ал несібенді,  
Ризығың бола берсін көл - көсір! (Ортаға әже шығып, шашу шашады. Нағима әже).

**2 - жүргізуші:**

Наурыз келді, көктем келді ағайын,  
Жадырайды, жаңғырады маңайым.  
Назды, сазды науқан Наурыз, армысың?  
Сұлу мүсін саған біткен бар мүсін.

**Тақпақтар:** «Жұлдыз» балабақша тобы

**Музыкалық нөмірлер:** Би: «Қара жорға» бала бақша бүлдіршіндері. Ән :  
«Наурыз тойы» 1 сынып

**1-жүргізуші:** Жиналды Наурыз тойға бәрімізде  
Үлкен – кіші жасымыз кәріміз де  
Ән мен күйді, жыр мен биді шалқытып  
Өнерменен інжу - маржан шашайық

**Музыкалық нөмір:** «Текемет» биі бастауын сынып қыздары  
**2 - жүргізуші:** Келіндер, Наурыз күнін қарсы алайық,  
Билейік, жыр жырлайық ән салайық.  
Қаһарлы қыстан отіп Наурыз келді,  
Арқанды кеңге созып, уа халайық!

### Дайырлық тобының биі

**1-жүргізуші:** Құрметті, оқушылар енді сіздерді қазақтың ұлттық ойындарын  
ойнауға шақырамыз. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтарымыз бар. Ойын  
бастамас бұрын әділ-қазылармен таныстыра кетейік. (Мектеп мұғалімдері  
арасынан қазылар тағайындалады). (Ұлттық ойын ойнатылады  
«Аударыспақ», «Теңге ату»)

1. Асық ойышынан жарыс бала бақша
  2. Арқан тартыстан жарыс бастауын
  3. Қол күрестен жарыс ортанғы буын
  4. Наурыз көже ішуден жарыс. Жоғарғы сынып
- 2-жүргізуші:**

Ерітіп қарын даланың,  
Жинатып гүлін саланың.  
Жетелеп жұмсақ самалын,  
Келді Наурыз – жыл басы.  
Күлімдеп карап күміс күн,  
Аспаның бүркіп пүліш түн.  
Ұлы күні Ұлыстың,  
Келді Наурыз – жыл басы!  
Кезекті әнге берейік.

**Ән-шашу.** «Наурыз думан» әні Муканбай Алуа орындалады.

**Ойын: «Шаңырақ көтеру»**

Ұшады аққу көлден қазыменен,  
Жүреді көл жағалап жазыменен  
Жарасар ойын күлкі, әнменен би  
Ойынды баурайтұғын назыменен,

**Ойын шарты:** Төрт орамал қойылады. Он алты бала айналасында әуенмен  
билеп жүреді. әуенмен тоқтаған кезде балалар барып орамалдың төрт  
бұрышынан ұстап көтеріп «Е» деп айқайлау керек. Қай шаңырақ бірінші  
көтерілсе, сол жеңіске жетеді.

Наурыз тойым, Наурыз тойым.

Құтты болсын халайық!

Қане, достар, қане, достар,

Шырқап әнге салайық.

**Хор: «Наурыз думан»**

**2 Жүргізуші:** Сәнді көктем - Наурыз!

Наурыз тойы - жырымыз.

Көңіл гүлдей жайнасын.

Құлпырсын күн мен ай.

Құтты болсын Наурыз!

**«Голгуу» биі басталуын сынын ұлдары**

**Әні :** «Наурыз көктем» орындайтын 5-6 сынып оқушылары.

**I Жүргізуші:** Наурыз - бұл ежелгі дәстүр бойынша Жаңа жылдың басталуы ғана емес, бұл сонымен бірге таңғажайып көктем мерекесі, табиғаттың қайта түлен, қайта жаңғыруы. Осы бір табиғат- ана көгілдір көктемнің жып-жылы шапағатымен жайнап тұрған сәтте сіздер де зор қуаныштарға бөленгейсіздер! Жандарыңыз күн нұрындай жарқыран, ал көңілдеріңіз мейірімділік пен махаббат сезімдеріне тола берейін!

**Музыкалық нөмір:** 6-7 сынып Кыздар би

**Бала:** Ассалаумағалайкум, ата! Сізден бата сұраймын...

**ҚЫДЫР АТА:** (Тілек)

Сұрасаң бата берейін,

Үстем болсын мерейін

Ықыласпен қол жайсаң,

Ақ тілекті төгейін

Ұлыс оң болсын

Ақ мол болсын

Қайда барсаң жол болсын!

Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын! Әумин!

**Ауыл адамдарынан бата сурау**

**«Наурыз көже» әні.** Орындайтын Асылым мен Амира.

**Ата мекен ани**

**Тәрбиеші:** Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын.

Қайда барсақ жол болсын!

Осымен шағын ғана оқу іс-әрекетіміз аяқталды. Көріп тамашалағаныңызға

көп-көп рахмет!